



**Облыстық «Жаңа жұлдыз - 2017»
вокал шеберлігі конкурсының
ережесі**

I Жалпы ережелер

Бұл ереже облыстық «Жаңа жұлдыз - 2017» вокал конкурсының мақсат және міндеттері, оны ұйымдастыру, өткізу, қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін белгілейді.

Конкурс Павлодар облысының білім беру ұйымдарының арасында өткізіледі.

Конкурстың ұйымдастырушылары

Павлодар облысының білім беру басқармасы, М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы.

Конкурстың мақсаты

- өскелең ұрпақтың мәдени құндылықтарын, көркемдік талғамын қалыптастыру және тәрбиелеу;
- балалар және жасөспірімдер арасында дарынды балаларды анықтау және олардың вокалдық өнерге қызығушылығын арттыру;
- облыс вокалистері мен вокалдық ұжымдар арасында шығармашылық байланысты кеңейту;
- вокал ұжымдармен жұмыс жасайтын мамандарды қолдау және ынталандыру.

Конкурс қатысушылары

Конкурсқа жасы 7-ден 15 дейінгі аудандық, қалалық вокал конкурстарының жеңімпаздары, облыстық жалпы орта білім мектептерінің оқушылары және мектептен тыс мекемелердің тәрбиеленушілері қатысады.

Номинациялар

Соло, дуэт, трио, вокалдық ансамбльдер.

Жас шамасы

- жасы кіші категория (7-9жасар);
- жасы орташа категория (10-12 жасар);
- жасы ересек категория (13-15жасар).

II Міндетті техникалық талаптар

Кәсіби фонограмма болуы тиіс.

Фонограммадағы жазу мини-дискі, СД-дискіде («минус один») болуы тиіс, дыбыс сапасы өте жақсы болуы шарт, онда ансамбльдің аты немесе орындаушының тегі, шығарманың аты және тректің нөмірі болуы тиіс. Барлық жазалымдар жеке тасымалдаушыда болуы керек.

(+)фонограммасын пайдалануға тыйым салынады.

III Конкурстың шарттары

Конкурс қатысушының өнер көрсету тәртібін Ұйымдастырушы комитет анықтайды.

Ұйымдастыру комитетінде конкурсқа қатысу үшін өтінім тіркелгеннен кейін ғана қатысу құқығы беріледі.

Қатысушылар конкурсқа 2 түрлі сипаттағы ән дайындайды: 1 ән Отанымыз Қазақстан Республикасына арналады, ал 2 ән өз таңдауы бойынша балалар тақырыбында болуы тиіс. Номердің ұзақтығы 3 минуттен аспауы керек. Егер ән орындау 3 минуттан асып кетсе, қазылар алқасы орындаушыны тоқтатуға құқылы;

Конкурс үш кезеңмен өткізіледі:

1.Біріншікезең – іріктеу, өз таңдауы бойынша екі әртүрлі сипаттағы ән жіберіледі.

2.Екінші кезең - қорытынды,оған бірінші кезеңнен өткен қатысушылар жіберіледі.

Вокалшыларға «жанды» БЭК – вокалға рұқсат беріледі, жазылған БЭК-ті пайдалуға - рұқсат беріледі, алайда ол шығарманың басты вокалдық тақырыбын қайталамауы тиіс.

Финалға өткен конкурс қатысушылары келесідей көлемде ұйымдастырушылық алым төлейді :

1. Әншілер– 3000 теңге
2. Дуэт, трио – әр қатысушы 1000 теңгеден

М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының есеп шотына ұйымдастырушылық алым төлеу қажет.

Деректемелер:

Павлодар облысы әкімдігі,Павлодар облысы білім беру басқармасының «М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы»КМҚК

ИИК KZ08 6010 2410 0000 9933(бюджеттен тыс)

Банк «Қазақстан Халық Банкі»АҚ

БИК HS BK KZ KX

Кбе 16

тел.: 32-85-13, 32-85-11

Павлодар қ., 1 Май к-сі, 27

РНН 451800029844

Тіркеу куәлігі №6366-1945 ММ 20.12.2008ж.

БИН 990240004211

Өткізу орны және мерзімі

1 кезең (іріктеу) – 24.02. 2017 ж. сағ. 10.00-16.00.

2 кезең (конкурстың қорытынды кезеңі) – 17.03.2017 ж., сағ. 10.00-13.00.

Гала-Концерт - 17.03.2017ж. сағ.14:30

Өткізу орны: М.М. Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайының үлкен залы

III Орындаушыларды бағалау өлшемдері

1. Орындау шеберлігі.
2. Әртістік қабілеті.
3. Репертуардың бала жасының ерекшеліктеріне сәйкестігі.
4. Сахналық бейнесі.
5. Репертуардың күрделілігі мен әр түрлілігі.

Конкурстың қазылар алқасы

Қатысушылардың өнерін бағалау және жеңімпаздарды анықтау мақсатында Конкурстың Қазылар алқасы құрылады, оның құрамына Оқушылар сарайы және басқа мекемелердің педагогтері қатарынан кәсіби мамандар шақырылады. Қазылар алқасы құқылы: орынды бөлуге, барлық орынды бермеуге, арнайы сыйлықтар тағайындауға.

Қазылар алқасының құрамы, сондай-ақ ондағы өзгерістерді Ұйымдастыру комитеті анықтайды.

Қазылар алқасының шешімі хаттамаға енгізіледі, ол соңғы шешім болып табылады: талқыланды және қайта қаралмайды.

Марапаттау

Жасына қарай және номинациясы бойынша әр топтағы жеңімпаздар (әншілер, дуэттер) I, II, III дәрежелі дипломмен және сыйлықтармен марапатталады Бас жүлдеге бір диплом тағайындалады.

Жеңімпаздарды салтанатты марапаттау «Жаңа жұлдыз -2017» конкурсының аяқталу рәсімінде 2017 жылғы 17 наурызда сағ 14.30.-да өткізіледі.

Өтінімдерді 2017 жылдың 5 ақпанына дейін М.М. Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайының Ұйымдастыру комитеті мына мекенжай бойынша, электронды пошта арқылы қабылдайды:

Павлодар қ, 1 Май к., 27, 233 каб., тел. 32-69-07.87474477164, 87051294821, электрондық пошта: tosik76@list.ru

Конкурс қорытындысы туралы ақпарат Сарайдың сайтында жарияланады: www.dshk.kz

Жауапты: Карпова И.В.

1 қосымша

Өтінімнің түрі:

1. Қала, аудан
 2. Әншінің тегі, аты
 3. Ұжым жұмысының негізі (мектептің №)
 4. Басшы және концертмейстердің тегі, аты, әкесінің аты (толықтай).
 5. Репертуар (нөмірдің аты, авторы).
 6. Орындаушылардың жасы
 7. Қатысушылар саны
 8. Музыкалық сүйемелдеу (МД форматы немесе орындаушының CD аудио 1(жалғыз) трекпен).
 9. Сайлық алу үшін жетекшінің төлқұжаттық деректері (жетекшінің деректері, ЖСН)
 10. Байланыс телефоны – үйінің, ұялы тел.
 11. Директор _____ / Т. А. Ә./
- қолы

2 қосымша

**Облыстық « Жаңа жұлдыз-2017» вокалдық шеберлік конкурсына
қатысушының сауалнамасы**

Тегі _____ Аты _____

Әуестігі _____

Өмірлік ұраны _____

Арманы _____

Қандай конкурстарға қатыстың және қандай нәтижеге жеттің?

Бұл конкурстан нені күтесің? _____

Қарсыластарға тілек _____

Сәттілік тілейміз!